АҒТФХЗ 06.73.15
ӘОЖ 336.027
JEI G28

https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-2-88-102

**АКПАНОВ А.К.,*[1]**
э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.
*e-mail: a.akpanov@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0003-3559-098X
**АБУОВА Ж.М.,[2]**
э.ғ.м., оқытушы.
e-mail: zhan.abuova@gmail.com
ORCID ID: 0009-0007-8893-1203
**АЙГАЛИН А.А.,[1]**
э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.
e-mail: a.aigalin@turan-edu.kz
ORCID ID: 0009-0004-1668-5865
**АБДИЛЬДИН С.С.,[1]**
э.ғ.д., профессор.
e-mail: s.abdildin@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0001-6900-485X
[1]«Тұран» университеті,
Алматы қ., Қазақстан
[2]Аймақтық Инновациялық Университет,
Шымкент қ., Қазақстан

# ҚАЗАҚСТАНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАРДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Аңдатпа**

Мақалада Қазақстанда шағын және орта бизнесті қолдауға арналған мемлекеттік гранттарды басқарудағы шетелдік тәжірибені қолдану ерекшелігін қарастырды. Шағын және орта бизнесті қолдауға арналған мемлекеттік гранттарды басқарудағы шетелдік тәжірибені салыстырмалы әдіс арқылы себептерін зерттеп байланыстар орнатуға, еліміздегі жағдаймен салыстыра отырып талдау нәтижесі жүйелі проблемаларын анықтауға мүмкіндік берді. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін әртүрлі көздерден алынған деректер, сондай-ақ ШОБ-ты мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы бағдарламалары мен шараларын талдау нәтижелері пайдаланылды. Жұмыстың практикалық маңыздылығы авторлар шағын және орта бизнесті қолдауға арналған мемлекеттік гранттарды берудегі максималды нәтижеге жету үшін шет мемлекеттердің бизнес субъектілерге ұсынатын гранттық көмектеріне назар аударады. Сонымен қоса зерттеу барысында Қазақстандағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудағы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ресми сайтында жарияланған мәліметтер, сонымен қоса шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары бойынша ақпараттардың нәтижелері бағаланды. Бұл ғылыми мақала академиялық салаға да әсер етеді. Еліміздегі шағын және орта бизнесті мемлекеттік гранттық қолдау туралы білімді тарату академиялық салаға өзіндік бір үлес қосады. Зерттеушілермен академиялық қоғамдастыққа және студенттер елдегі кәсіпкерлікті қолдаудағы негізгі мәселелері мен аспектілерін ауқымды түсінуге көмектеседі. Жұмыс нәтижелерінің практикалық мәні бизнеске берілетін гранттардың тиімділігін арттыру: мақалада талқыланған мәселелермен ұсыныстар және қорытындылар Қазақстандағы кәсіпкерлер өз бизнесіндегі кедергілерді шешуге және қолжетімді ресурстарды тиімдірек пайдалануға көмектеседі. Зерттеуде шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау жүйесіндегі гранттарды жетілдіруде шетелдік тәжірибені қолдану ерекшеліктері қарастырылады, бизнесті қолдау саласындағы мемлекеттік саясатқа құнды ұсыныстар береді.

**Тірек сөздер:** шағын және орта кәсіпкерлік, мемлекеттік қолдау, мемлекеттік гранттық қаржыландыру, шетелдік тәжірибе, субъекты, бизнес-климат, бизнес-идея.

## Кіріспе

Шағын және орта бизнес дамыған елдер экономикасының қозғаушы күші болып табылады. Шағын және орта бизнес қызметінің басты ерекшеліктерінің бірі – оның әлеуметтік экономикаға қосқан үлесі. Мысалы: жұмыс орындарын құру, тұрақты кірісті қамтамасыз ету және мемлекет бюджетіне салық төлеу нарықта бәсекелестік ортаны қалыптастыру [1].

Қазақстанда қаржы және қаржылық емес құралдарды пайдаланатын кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың бірқатар мемлекеттік бағдарламалары бар. Олардың ішінде гранттық қаражат ерекше орын алады, өйткені олар кепілмен қамтамасыз етуді талап етпейді және өтеусіз беріледі. Сондықтан гранттар жеңілдетілген несиелеу, инфрақұрылымдық қолдау, субсидиялау және басқа әдістермен салыстырғанда шағын бизнесті қолдаудың ең тартымды құралы болып табылады. Шағын және орта бизнес субъектілеріне жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру рәсімінің сапасы осы құралды пайдаланудың тиімділігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан мақалада олардың тиімділігі мен орындылығын арттыру үшін гранттар беру процесін жетілдіру қажеттілігіне байланысты зерттеудің өзектілігін көрсетеді [2].

Бұл тақырыптың өзектілігі шағын және орта бизнесті қолдауға арналған мемлекеттік гранттарды ұсынудағы, кейбір елдердің мемлекеттік гранттарды басқарудағы ерекшеліктерін зерттеу болып табылады, бұл бизнесті қолдау бағдарламаларына шетелдік тәжірибені қолдану мүмкіндіктерін қалыптастырады.

«Қазақстан–2050» стратегиясы 2022 жылмен салыстырғанда 2030 жылға қарай ШОБ саласын екі есе ұлғайту мақсатында барлық бағыттарда кәсіпкерлікті қолдау қажеттігін атап көрсетеді. Осы мақсатқа жетудің негізгі тетіктерінің бірі болып отандық кәсіпкерлерді қолдаудағы тетіктерін жақсарту және де осылардың мүдделерін қорғауды және ілгерілету үшін қажет іс-шараларды жүзеге асыру болып табылады. Қазіргі уақытта негізгі міндет шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлерге орта деңгейге өтуге мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар мен факторларды құру болып табылады [3].

Зерттеудің ғылыми жаңалығы біз ұсынып отырған ұсыныстар еліміздегі шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілерін қолдауға бағытталған бюджеттің қаражатын пайдалануда тиімділіктерін арттыруға, мемлекеттік грант қаражаттарын тиімсіз пайдалануды азайтуға, сонымен қоса Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің нарықта белсенді өсуіне өз ықпалын тигізуге әсер етеді. Осылайша, біз зерттеп қарастырған нәтижелер тәжірибеде қолданыста болуы, сондай-ақ нақты экономикалық тәжірибелерге енгізілуі мүмкін.

Практикалық маңыздылығы Қазақстандағы шағын және орта бизнес субъектілеріне өздерінің жаңа бизнес-идеяларын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік гранттарды тағайындау әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар шағын және орта бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын дайындаушы жоғарғы мемлекеттік ұйымдар, жергілікті атқарушы органдармен даму институттары осы саясатты жүзеге асыру үдерісінде қолдана алады.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында зерттеу үдерістерінде қолданылатын әдістер қолданылды: теориялық дерек көздерді талдау ситаттағы әдістер қолданылды. Сонымен қоса, жүйелік-аналитикалық, синтездеу әдістері, ауқым, қарқын, үйлесімділік және құрылымдық-құндық туралы мәселелер бағалайтын әдістер жүргізілді.

Қазіргі кезде зерттеліп отырған тақырып Қазақстандық ғалымдар тарапынан жеткілікті және қажетті негізде зерттелмеген. Тақырыпты зерттеу барысында негізінен шетелдегі ғалымдар мен эксперттердің шағын бизнесті мемлекеттік қолдау, оларға гранттар үлестіру сұрақтары бойынша қарастырылған оқулықтар мен еңбектері зерталіп қарастырылды [4].

Сондай-ақ АҚШ, Ұлыбритания және Сингапур сияқты мемлекеттерді қоса алғанда, бизнесті жүргізу жеңілдігі аталған елдердегі шағын бизнесті қолдау жүйесін талдауға мүмкіндік беретін салыстырмалы әдіс қолданылды. Осы әдістің көмегімен осы елдерде гранттар берудің ұқсастықтары мен тетіктері анықталды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының контекстіне ықтимал бейімделулер айқындалды. Бұл нәтижелер жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, құралды іске асырудың қолданыстағы тетігін жақсарту бойынша ұсыныстарды тұжырымдауға

мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл зерттеу шарасы талдаудың сапасы мен дәлдігін арттыра отырып, қолда бар зерттеу әдістерін толықтырды.

Қазақстанда бүгінгі таңда ШОБ-ке қолдау көрсететін негізгі даму институттары: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстандық индустриялық даму институты» АҚ, «Қазагроқаржы» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, Қазақ «Экспорт» АҚ, «Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, сондай-ақ халықаралық қаржы институттары. Екінші деңгейлі банктер жеңілдікті қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Ол мемлекеттік бюджеттен субсидиялау және кепіл саясатына қатысу арқылы пайыздық мөлшерлемені төмендетеді. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ақпараттық-оқыту саясаттарын негізге ала отырып, олардың әдістері зерттеуде қолданылды.

Осылайша, зерттеу тақырыбының аясында қазіргі жағдай туралы тұтас түсінік алуға, шағын бизнесті қолдаудың шетелдік тәжірибесін қолдану проблемаларын және оларды шешудің мүмкін жолдарын анықтауға мүмкіндік беретін әртүрлі кеңінен пайдаланылатын зерттеу әдістері қолданылды.

**Нәтижелер мен талқылау**

Шағын бизнесті қолдау, оларды дамыту мемлекеттік грант тақырыбы қазіргі таңда ғылыми зерттеулерде өзекті және маңызды тақырып болып қала береді. Шағын бизнесті қолдау, оны дамыту мәселелері бойынша және оны теориялық тұрғыдан зерттеуге шетелдік ғалымдар өз үлестерін қосқан. Алғашқы кәсіпкерлердің бірі болып Р. Кантильон кәсіпкерлік қызметті зерттеуге өзінің ерекше үлесін қосқан. Ол жұмыс күштерін қолдану арқылы жүзеге асырылатын қызметтердің еңбек күшін пайдалану нәтижесі арқылы пайда табу ретінде қарастырған [5].

Мақаланың тақырыбын ескере отырып, шағын бизнесті мемлекеттік қолдау, оларға гранттарды беру мәселелері бойынша зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінің нәтижелерін қарастырған жөн. Сонымен, аталған тақырып бойынша өзекті зерттеулердің бірі Е.А. Боркова, В.А. Подкатилина, П.Е. Завьяловалардың «Шағын және орта бизнестің даму динамикасы: проблемалары мен болашағы» атты жарық көрген еңбектерінде көрініс табады. Бұл еңбектерінде Ресейдегі шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың әдістері, соның ішіндегі мемлекеттік қаржылық гранттық қолдау әдістері мен елдің аймақтарындағы шағын және орта бизнесті дамыту бағдарламаласына арналған ұсыныстар берілген [6].

Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау, оларды гранттармен қамтамасыз ету мәселелеріне қазіргі ғылыми оймен тұжырымдарға қарамастан, көптеген қажетті құралдармен мәселелер жеткілікті деңгейде зерттелмеген күйінде қалып отырғаны байқалады. Атап айтқанда, шағын және орта бизнес субъектілер қызметінің ерекше маңызы COVID-19 пандемия дағдарысының кезінде көрінді. Біз үлкен әлеуеттің, мемлекеттің қолдау белсенділігінің, жеделдіктің және икемділіктің арқасында шағын және орта кәсіпкерлік елдердің экономикалық дамуының маңызды факторы болғанын байқадық [7]. Қазақстанда шағын және орта бизнестің дамуында тұрақты өсу байқалады. Мысалы, 2023 жылдың соңына қарай мұндай компаниялардың шығарған өнімі 68,7 трлн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда салыстырмалы бағада 16%-ға өсті. Өз кезегінде, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ШОБ саласында жұмыспен қамтылғандар саны 4,3 млн адамды құрады, бұл бір жыл бұрынғыдан 5,3%-ға артық. Сондай-ақ, ШОБ-тың ел экономикасындағы маңызы бірте-бірте артып келеді. Осылайша, 2023 жылдың соңына қарай ШОБ-тің ЖІӨ-дегі үлесі 36,5%-ға жетті, ал бес жыл бұрын, яғни 2018 жылы ол 28,4%-ды құрады.

Елімізде өз қызметін тұрақты атқарып отқан шағын орта бизнес субъектілерінің үлесі бойынша тіркелген шағын орта бизнес субъектілері жалпы саны бойынша бірінші орынды Түркістан, Алматы және Ұлытау облыстары иемденді. Жалпы алғанда, еліміздегі 17 өңірдің шағын орта бизнес субъектілері белсенділік деңгейі республикалық деңгейден жоғары (89,7%-дан астам), бұл бизнесті ұйымдастыру мәдениеті деңгейінің өскенін дәлелдейді, онда өркениетті бизнесті жүзеге асыру кезінде субъектілердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы тәсілдерінің, қағидаттарының, әдістерінің жиынтығы қолданып жүрген құқықтық нормалардың іскерлік айналым түріне этикалық және адамгершілік  қағидаларына, мінез-құлық нормаларына сәйкес келеді.

Шетелдік субъектілердің қатысумен немесе шетелдік меншік түрінде тіркелген кәсіпорын санының ең көп орналасуы Алматы қаласы болып табылады: осындай кәсіпорындардың үлесі, қалада қызмет атқаратын шағын және орта бизнестің жалпы санының 19,4%-ын құрайды. Бұдан бөлек, Жамбыл облысында шетелдік бизнестің үлесін 14,3%-ы құрайды және жалпы республикалық деңгейді алатын болсақ 11,7%-дан асады.

2023 ж. Қазақстанның шағын орта бизнес субъектілерінің барлық секторының өнім шығару көлемі 68 710,5 млрд теңгені құрады. Өңірлік талдау кезінде өнімдерді шығару бойынша ең көп үлесті Алматы 19 256 млрд теңге, Астана қаласы 14 720 млрд теңге жүзеге асырғаны анықталды. Осылардың тауар шығару бойынша көлемі елдегі шағын орта бизнес субъектілерінің өнімінің жалпы шығарылымның 56,8%-ын құрайды. Екінші деңгейлі банктер шағын және орта бизнес субъектілерінің несиелер бойынша жиынтық несие қоржынының мөлшері 2024 жылдың басындағы жағдай бойынша 7 795,6 млрд теңгені құраған. Шағын бизнеске банктер тарапынан берген несиелердің өңірлер бойынша талдау барысында басым орынды 3 874,6 млрд теңге құрай отырып, Алматы қаласы иеленді. Осы көрсеткішті зерттеу нәтижесі көрсеткендей, ол шағын бизнеске берілген несиенің 49,7%-ын құраған несие портфелінің көлемі бойынша екінші орынды Астана қаласы алды (1 252,5 млрд теңге). Осы аталған екі қалаға шағын бизнес сегментіндегі барлық несиелердің 66%-дан астамы тиесілі.

Еліміздегі шағын және орта бизнестің өсу факторларының бірі – цифрлық қызметтердің дамуы болып табылады. Бүгінгі күнде цифрландырудың нәтижесінде бизнесті жүргізу әлдеқайда жеңілдеді. Барлық жағынан да артықшылықтарға ие болып отыр – жалпы операциялық қызмет тұрғысынан да, қаржылық қызмет жағынан да.




Сурет 1 – Тіркелген ШОБ субъектілерінің жалпы санындағы белсенділердің үлесі

Ескертпе: [8] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылды.

Жалпы, цифрландыруды дамыту ШОБ тиімділігін арттырумен қатар жүреді. Мысалы, тіркелген кәсіпорындардан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың үлесі қазіргі уақытта 2024 ж. 92,2%-ды құраса, 2023 жылдың соңында 91,1%-ды, сондай-ақ 2022 жылғы нәтижесі 85,7%-ды құраған. Яғни, тіркелген күннен бастап кәсіпкерлер, компаниялар өздерінің бизнес-үдерістерін тезірек жүзеге асыра бастады және болашақта жұмысын тоқтатпады.

Әр түрлі елдердегі шағын бизнестердің санаттарын анықтау үшін әртүрлі критерийлер қолданылады. Осыларды анықтаудағы ең көп таралған критерийлердің бірі – ол жұмысшылар саны және табыс көлемі. Қазіргі кезде шағын кәсіпкерлікті екі санат бойынша бөледі – шағын кәсіпорындар және микро кәсіпорындар [9]. Бұл шағын бизнесті экономикалық инфрақұрылымдағы басқа бизнес түрлерінен ажырату үшін ең салыстырмалы, қолжетімді және инфляцияға төзімді санат болып саналады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, шағын және орта бизнес уақыттың едәуір бөлігінде жалпы ішкі өнімнің маңызды бөлігін құрай отырып, қазіргі қоғамды қалыптастырудың негізі болып табылады [9]. Кестеде көрсетілгендей, дамыған елдерде шағын бизнестегі жұмысшылар саны орта есеппен 100-ден 150 адамға дейін, ал шағын бизнес кәсіпорындарының орташа жылдық айналымы 2,3-тен 18 млн АҚШ долларына дейін. Экономикасы қарқынды дамып келе

жатқан елдерде және ЕАЭО елдерінде бұл көрсеткіштер төмен. Бизнесті жүргізудің 2020 жылға арналған жаһандық жеңілдік рейтингіне сәйкес, Жаңа Зеландияда бизнесті құрудың ең жақсы шарттарын қамтамасыз еткен. Сингапур, Гонконг, Дания және Корея Республикасы да үздік 5 елдің қатарына кіреді [10]. Айта кету керек, Қазақстан осы рейтингте 188 елдің ішінде 25-ші орынды иеленді. Осы рейтингке сүйене отырып, экономикасы мен бизнес инфрақұрылымы дамыған және ШОБ үшін қолайлы бизнес-климаты бар үздік елдер мысалында ШОБ-ты дамыту және қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат шараларын қарастырайық. Дамыған елдерде ШОБ-ты қолдау және оның қызметін дамыту бойынша мемлекет жүзеге асырған саясаты мол ресурстары, кең өкілеттіктері және мүмкіндіктері бар маманданған үкіметтік ұйымдарға бағытталған. Осы аталған органдар шағын және орта бизнесті реттеу және қолдау үшін субсидия, кепілдік, жеңілдетілген несиелер, экспорттық бағыттар бойынша қызмет атқаратын компанияларды қаржыландыру және сол сияқты әртүрлі шараларды ұсынады.

Кесте 1 – Әртүрлі елдерде шағын және микро кәсіпкерлік критерийлері бойынша ажырату

| Мемлекеттер | Кәсіпорындағы жұмыспен қамтылған халықтың ең көп саны, адам. | Табыс көлемі |
|---|---|---|
| АҚШ | Микрокәсіпорын –20-ға дейін<br>Шағын кәсіпорын – 21-ден 100 дейін | 3,5–14,5 млн АҚШ долл. дейін |
| ЕО елдері | Микрокәсіпорын – 10-ға дейін<br>Шағын кәсіпорын – 11-ден 50-ге дейін | 427 млн евроға дейін |
| Ұлыбритания | Микробизнес – 9-ға дейін<br>Шағын кәсіпорын – 10-нан 49-ға дейін | Шектеу жоқ |
| Сингапур | 200-ге дейін | 100 млн долл. дейін |
| Ресей | Микрокәсіпорын – 15-ке дейін<br>Шағын кәсіпорын –100-ге дейін | Микро –120 млн руб. дейін<br>Шағын –800 млн руб. дейін |
| Қазақстан | Микрокәсіпорын – 15-ке дейін<br>Шағын кәсіпорын –100-ге дейін | Микро – 30 мың АЕК<br>Шағын – 300 мың АЕК |
| Ескертпе: [9, 10] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған. | | |

Сингапур. Сингапурдың шағын және орта бизнеске қатысты мемлекеттік саясатын оның ұлттық экономикалық саясаты анықтады. Олар индустрияландырудың алғашқы жылдарында және 1985 жылғы рецессияға дейін шағын және орта бизнеске емес, шетелдік инвесторларды тартуға және трансұлттық корпорацияларды дамытуға баса назар аударды. Алайда, 1986 жылдан бастап ШОБ саласындағы саясат елдің кәсіпкерлік инфрақұрылымын дамытуға бағдарланған болды [11]. Ол ШОБ үшін барлық адамдардың қажеттіліктеріне жауап беретін бизнес-ортаны әмбебап дамытуды қамтиды.

Кесте 2 – Сингапурдағы ШОБ гранттық қаржыландыру түрлері

| № | Гранттардың атауы және ұсыну шарттары |
|---|---|
| 1 | EDGE (Enterprise Development Grant) компанияларға субсидиялар түріндегі тиісті жобалық шығындардың 70%-на дейін жабу үшін қаржылық қолдау көрсетеді. Қолдау кәсіпорындарға екі негізгі бағытта – бренд пен маркетингті стратегиялық дамыту, бизнес-стратегияны әзірлеу, адами капиталды дамыту, қызмет көрсету сапасын арттыру және қаржыны басқару, сондай-ақ өнім өндірумен, процестерді жаңғыртумен және өндірісті автоматтандырумен байланысты жобалар бойынша инновация мен өнімділікті қамтамасыз етеді. Қатысушылар Сингапурда тіркелген заңды тұлғалар болуы қажет. |
| 2 | MRA гранттары халықаралық нарыққа алғаш рет шығатын Сингапурлық компанияларға қаржылық қолдау көрсетеді, іскери серіктестерді табу, сыртқы нарықтарда алға жылжу және оларға шығуға дайындық сияқты кезеңдерге шығындардың 70%-на дейін жабады. |

2-кестенің жалғасы

| | |
|---|---|
| 3 | Venture for Good (VFG) гранты жаңа және жұмыс істеп тұрған әлеуметтік кәсіпорындарға олардың қызметін іске қосуды немесе кеңейтуді қолдау үшін беріледі. Өтініш берушілер 300 мың АҚШ долларына дейін грант ала алады. COVID-19 пандемиясын ескере отырып, COVID-19-дан кейін экономиканы қалпына келтіруге бағытталған жобалар үшін 100 мың АҚШ доллары көлемінде гранттар алудың қосымша мүмкіндігі енгізілді. Бағдарламаға қатысушылар – бұл жұмыс орындарын құруға немесе психикалық денсаулық пен күтімнің әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған кәсіпорындар қатысады. |
| 4 | Startup SG Tech гранттық бағдарламасы стартаптардағы салада серпінді бола алатын және компаниялардың жылдам өсуін қамтамасыз ететін инновациялық технологиялық шешімдерді әзірлеуді көмектесуге арналған. Гранттар компанияның қаржылық моделі өміршең болған жағдайда, патенттелген технологияларды коммерцияландыруды қолдау үшін дамудың алғашқы кезеңінде беріледі. Бағдарламаға қатысу үшін компания 5 жыл бұрын тіркелуі керек және оның жылдық айналымы 100 млн Сингапур долларынан аспауы керек немесе қызметкерлер саны 200 адамнан аспауы керек. |
| Ескертпе: [11] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған. | |

Сингапурда қаржыландырудың гранттық бағдарламалары әдетте кәсіпкерлердің жұмсайтын барлық шығындарын қамтымайды және олардың басты аудиториясын Қазақстан тәжрибесінде қолданылатын гранттық қаржыландыру бағдарламаларына ұқсас орта болып табылады. Алайда, неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеуді қажет ететін және Қазақстанда қолданылуы мүмкін аспектілер бар.

Сингапурда цифрландыру және өтініш берудің қарапайымдылығы гранттардың көпшілігін кәсіпкерлер қол жеткізе алатын «Business Grants Portal» онлайн платформасы арқылы жүзеге асырылады. Бір жерде әртүрлі бағдарламаларға қол жеткізу мүмкіндігіне ие.

Қазақстан үшін негізгі ұсыныс ШОБ-ты мемлекеттік қолдаудың барлық құралдарын біріктіретін Бірыңғай цифрлық терезені (порталды) әзірлеу, толыққанды «бір терезе» сандық платформасын құру (мүмкін egov.kz базасында) ШОБ бизнесті бастауға, оған қолдаулар алуға, бағдарламаларға қатысатын оны жүргізуге және басқада қызметтер алатын. Сыртқы нарықтарды кеңейту, Қазақстанда ШОБ-ты цифрландыруды, әсіресе өндіріс, агробизнес және қызмет көрсету саласында қолдауға баса назар аударған жөн.

АҚШ. АҚШ-та 1953 ж. құрылған АҚШ Президенті жанындағы шағын және орта бизнес орталығын (Small Business Administration – SBA) құру нәтижесінде шағын және орта бизнесті қолдаулардың ілгеріден қолданылатын табысты тәжірибесі бар. Осы тәжірибелер әлемдегі дамыған бірнеше елдерде, соның ішінде Жапонияда ЕО мүше елдерде және шағын және орта бизнесті қолдаушы жүйелерін жетілдіретін басқа да мемлекеттерде пайдаланылуда [12]. SBA ол АҚШ-тың шағын және орта бизнесін қолдауда басты қызмет жасайтын федеративті агенттік болып табылады. Қазақстанда SBA тәжірибесіндегідей шағын және орта бизнесті қолдаудың ұқсас әдістерін қолданады, бизнес бойынша кеңес беру және қаржылық бағдарламалардың ауқымды спектрін қамтиды. Бұл негізгі бағдарлама қаржылық көмектер беріп қана қоймайды, сонымен катар шағын және орта бизнестің өсуіне және өркендеуіне көмектесетін кеңес беру, нарыққа сай білім беру, оқыту, және басқа қажетті қызметтер ұсынады [13].

Сондай-ақ, SBA-да шағын бизнеске мемлекеттік тапсырыстарды орындауға келісімшарттар алуға көмектесетін бағдарламалар бар, бұл олар үшін сәттіліктің маңызды факторы болуы мүмкін. SBA сонымен қатар шағын бизнеске несиелер мен қаржылық көмектің басқа түрлеріне қол жеткізуге көмектесу үшін жергілікті банктермен және басқа қаржы ұйымдарымен жұмыс істейді. Сингапурдағы жағдайдан айырмашылығы, SBA компанияларға грант түрінде тікелей қаржыландыруды қамтамасыз етпейді [14].

Шағын бизнесті қолдаудың осындай әдістерін Қазақстанда да шағын және орта бизнестің әлемдік аренада бәсекеге қабілетті және табысты болуына көмектесу үшін қолданылу қажет деп ойлаймыз. SBA-дан басқа, АҚШ-тың әртүрлі салалары мен аймақтарында экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау үшін жобаларды қаржыландыруды ұсынатын бірнеше федералды агенттіктер бар. Төменде олардың кейбіреулері берілген:

Кесте 3 – АҚШ-тағы ШОБ гранттық қаржыландыру түрлері

| № | Гранттардың атауы және ұсыну шарттары |
|---|---|
| 1 | Сауданы кеңейту бағдарламасы (STEP) шағын бизнеске сыртқы нарықтарға қол жеткізуге және экспортты ұлғайтуға көмектесу үшін жасалған. Гранттар халықаралық сауда көрмелеріне, миссияларға және форумдарға қатысуға байланысты шығындарды төлеуге және шетелдік клиенттерді тарту үшін қажетті маркетингтік материалдарды әзірлеуге пайдаланылуы мүмкін. Арнайы әйелдерге тиесілі шағын бизнес келісім-шарт бағдарламасы әйел кәсіпкерлерге тең мүмкіндіктер беру және гендерлік теңсіздіктерді жою үшін құрылған. Бағдарламаның мақсаты – кәсіпкер әйелдерге мемлекеттік келісімшарттар алуға және мемлекеттік сатып алудағы үлесін арттыруға көмектесу. |
| 2 | Hubzone (historically Underutilized Business Zones) бағдарламасы шағын бизнесті қолдауға бағытталған тағы бір SBA бағдарламасы болып табылады. Ол тарихи тұрғыдан аз пайдаланылған және экономикалық белсенділігі төмен аймақтарда бизнесті дамыту үшін қаржылық мүмкіндіктер мен ресурстарды ұсынады. Бағдарламаның мақсаты – жергілікті қауымдастықтардың өмір сүру сапасы мен тұрақтылығын жақсарту үшін экономикалық өсуді ынталандыру және осы аймақтарда жұмыс орындарын құру. Қаржыландырудан басқа, Hubzone бағдарламасы осы аймақтарда бизнесті сәтті жүргізу үшін қажетті оқыту, кеңес беру және басқа ресурстарды ұсынады. |
| 3 | Ауыл шаруашылығы департаменті (USDA) – Ауыл шаруашылығын дамыту, азық-түлік өңдеу және басқа да байланысты салалар үшін гранттар мен несиелер береді. USDA сонымен қатар халқы аз және шалғай аудандардағы ауылшаруашылық жобаларын қаржыландыруды ұсынады. |
| 4 | Department of Energy (DOE) – жаңартылатын энергия көздерін дамытуды, энергия тиімділігін жақсартуды және басқаларын қоса алғанда, энергетика саласындағы зерттеулер мен әзірлемелер үшін гранттар мен қарыздар ұсынады. |
| 5 | Ұлттық Ғылым Қоры (NSF) – ғылым, технология, инженерия және математиканы қоса алғанда, әртүрлі салалардағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге гранттар береді. NSF Сонымен қатар Small Business Innovation Research (SBIR) және Small Business Technology Transfer (STTR) сияқты бағдарламалар арқылы ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруды қолдайды. |
| 6 | Department of Housing and Urban Development (HUD) – тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту үшін гранттар мен несиелер, соның ішінде баспанасыздықпен күресу, қолжетімді тұрғын үйді қамтамасыз ету және қалалық инфрақұрылымды дамыту бағдарламаларын ұсынады. |
| 7 | National Endowment for the Arts ( NEA) – әдебиет, театр, музыка, бейнелеу өнері және т.б. жобаларды қоса алғанда, АҚШ-та өнер мен мәдениетті дамытуға гранттар береді. |
| Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған. | |

АҚШ-тың шағын бизнеске гранттар беру саласындағы тәжірибесі Қазақстан үшін өте пайдалы болуы мүмкін. Жобаларды іріктеу және гранттар беру процесінің аутсорсингі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейін төмендетуге және кәсіпкерлердің шешім қабылдау процесіне деген сенімін арттыруға көмектеседі [16]. Жалпы, АҚШ-та шағын бизнесті дамыту тұжырымдамасы қазақстандық ғылымның назарына лайық болуы мүмкін және АҚШ тәжірибесін зерделеу Қазақстанда шағын бизнесті қаржыландырудың неғұрлым тиімді бағдарламаларын құруға көмектесе алады.

АҚШ-та дамыған стартап экожүйесі бар ондаған шағын орта бизнес қызметкерлері (Combinator), инвесторлар, іскерлік періштелер, инкубаторлардың желісі кеңінен қолданылады. Қолдану мүмкіндігі: Өңірлік акселераторларды дамыту және Қазақстандағы ШОБ пен стартаптарды қаржыландыру үшін жеке инвесторлармен бірлесіп қорлар құру қажет.

АҚШ-та мемлекеттік сатып алудың бір бөлігі әйелдер мен ардагерлерге бағытталған бизнесті қоса алғанда, ШОБ үшін сақталған. Міндетті ашық мониторингпен Қазақстанның мемлекеттік сатып алу жүйесінде ШОБ квоталарын нақты орындау қажет. АҚШ-та «Small Business Development Centers» (SBDC) жұмыс істейді – бизнесті бастау және дамыту бойынша ақысыз қызметтері бар аймақтық нүктелер қызмет атқарады. Қазақстан облыстарында, әсіресе моноқалаларда және ауылдық жерлерде осындай орталықтар желісін құру қажет.

Сингапур мен АҚШ-тың озық тәжірибелерін қолдану Қазақстанға келесідей мүмкіндік береді:

- бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру;
- инновациялар мен экспортты ынталандыру;
- іскерлік ахуалды жақсарту;
- гранттық қолдаудың неғұрлым ашық және нәтижеге бағытталған жүйесін құру.

Ұлыбритания. Әлемдік экономикада айтарлықтай салмаққа ие және табыс пен адам дамуының жоғары деңгейімен сипатталады. Британ экономикасы әлемде индустрияландырудан өткен бірінші экономика болды және бұл елге әлемдегі ең бай және ықпалды елдердің біріне айналуға көмектесті [17].

Elmbridge-те бизнесті дамытуға арналған гранттар. Элмбридж қалалық кеңесі Клейгейт, Кобэм, Молси, Оксшот, Лонг Диттон, Темза Диттон, Хинчли Вуд, Темзадағы Уолтон, Вейбриджедегі шағын бизнес гранттары үшін бизнес жобалары құнының 50%-на дейін 2000 фунт стерлинг береді. Стартаптар 1 мың фунт стерлингке дейін ала алады. Азық-түлікпен электрондық коммерцияға ауысатын ірі бөлшек сауда кәсіпорындары 1,5 мың фунт стерлингке дейін ала алады. Барлық жобалар жоғарыда аталған аудандардың экономикалық дамуына бағытталуы тиіс. Осы гранттар шеңберінде көше жиһаздарын шығару және көше сахнасын жақсарту жөніндегі жобаларды іске асыруға, кем дегенде үш ай бос тұрған дүкендерді коммерциялық пайдалануға, қайтаруға, дүкендердің қасбеттерін жақсартуға, қоғамдастықтарды абаттандыру жөніндегі жобаларды ілгерілету жөніндегі бастамаларға пайдалануға болады. Бір сөзбен айтқанда, гранттар бөлшек сауданы дамытуға және өңірді абаттандыруға бағытталған [18].

Scarborough-та бизнесті дамыту гранттарын Скарборо қалалық кеңесі жүзеге асырады. Скарборо қаласына өсуді немесе көшуді қалайтын жаңа стартаптарға және қолданыстағы шағын және орта бизнеске көмектесу үшін гранттар ұсынылады. Экономиканың басым салалары: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және азық-түлік, құрылыс, білім беру, денсаулық сақтау, туризм және қоғамдық тамақтану, тау-кен өнеркәсібі , ғылым және технология, қызмет көрсету саласы, көлік және дистрибуция, көтерме және бөлшек сауда. Бастауыш кәсіпорындар (ең көбі 10 қызметкер) 1 мың Фунт стерлингке дейін, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар (ең көбі 30 қызметкер) грант 5 мың фунт стерлингке дейін ала алады. Гранттар Скарборо қалалық кеңесінің қалауы бойынша беріледі, өтінімдер тоқсан сайын қабылданады. Грант алуға үміткер жобалар міндетті түрде жұмыс орындарын құрып, өңір экономикасын әртараптандыруға, экологияны жақсартуға, туристік әлеуетті кеңейтуге және т.б. өз үлестерін қосуы тиіс [19].

Сонымен қатар, әлемдік тәжірибеде соңғы онжылдықтарда кооперациялық және желілік байланыстарды белсенді қолданумен байланысты үрдістер күшейе түсті. Мұндай байланыстар өзара қолдау есебінен бизнес жұмысының бәсекеге қабілеттілігі мен сенімділігін арттыруға, қолда бар ресурстарды барынша пайдалануға және өндіріс процесінің әртүрлі кезеңдерінде бірлескен операцияларды жүзеге асырудан қосымша пайда алуға мүмкіндік береді.

Кесте 4 – ШОБ мемлекеттік қолдау гранттық бағдарламалары. Оның артықшылықтар мен кемшіліктері

| Елдер | Негізгі бағдарламалары | Артықшылығы | Кемшіліктері |
|---|---|---|---|
| АҚШ | SBIR, STTR, жергілікті бағдарламалар | Бағдарламалардың кең ауқымы | Жоғары бәсекелестік, есеп беру талаптары |
| Сингапур | PSG, EDG, MRA, Startup SG Founder | Бизнестің әртүрлі аспектілеріне мақсатты қолдау көрсету | Қатаң критерийлерге сай болу керек |
| Ұлыбритания | Innovate UK, Regional Growth Fund | Инновациялық және аймақтық бастамаларды қолдау | Нақты талаптарды орындау қажеттілігі |
| Қазақстан | «Даму», «Бизнес жол картасы 2020», «Ауыл Аманаты» | Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге мақсатты қолдау | Бағдарламалар саны шектеулі |
| Ескертпе: [20, 21] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған. | | | |

Қазақстанда ШОБ субъектілеріне гранттық қолдау түрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы дамып келеді. Дегенмен, басқа елдермен салыстырғанда гранттардың саны мен түрі шектеулі. Негізгі бағыттар мыналарды қамтиды:

«Даму» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлерді қолдау үшін гранттар мен субсидияланған несиелер қарастырылған. «Бизнес-болашақ 2020» мемлекеттік бағдарламасы: ШОБ қолдауға бағытталған құрамдас бөліктерді, оның ішінде даму гранттарын қамтиды. Жергілікті атқарушы органдардың гранттары: өңірлерде кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған жобаларды іске асыруға арналған. Артықшылықтары: жаңадан бастаған кәсіпкерлерге мақсатты қолдау көрсету.

Америка Құрама Штаттарында федералдық, штаттық және жергілікті деңгейлерде ШОБ үшін гранттардың кең ауқымы бар. Олардың бизнес жүргізуге қолайлысы мыналарды қамтиды: шағын бизнестің инновациялық зерттеулері (SBIR), зерттеулер мен әзірлемелерді ынталандыру үшін гранттар. Шағын бизнес технологияларының трансферті (STTR): шағын бизнес пен академиялық институттар арасындағы ынтымақтастыққа арналған гранттар.

Сингапур ШОБ үшін өсуге, инновацияға және халықаралық кеңеюге бағытталған түрлі гранттар ұсынады. Олардың қолайлы жағы бизнестің әртүрлі аспектілеріне мақсатты қолдау көрсету болып табылады.

Ұлыбританияда ШОБ үшін бірқатар гранттық бағдарламалар бар. Оның артықшылықтары инновациялық және аймақтық бастамаларды қолдау.

Кесте 5 – Қазақстандағы ШОБ негізгі критерилер бойынша салыстырмалы талдау

| Көрсеткіш / Ел | Қазақстан | АҚШ | Сингапур | Ұлыбритания |
|---|---|---|---|---|
| ШОБ-тың ЖІӨ-ге қосқан үлесі | 34% | 48% | 70% | 60% |
| ШОБ-тағы жұмыспен қамтылғандар үлесі | 38% | 47.5% | 65% | 61% |
| Қаржыландыруға қол жеткізу | Шектеулі, жоғары ставкалар | Кең қол жетімділік (SBA, VC, банктер) | Мемлекеттік банктердің қолдауы, акселераторлар | Кең таңдау (банктер, гранттар, инвесторлар) |
| Бизнесті тіркеу | eGov арқылы 1-2 күн | 1-5 күн онлайн | BizFile арқылы 1 күн | GOV.UK арқылы 24 сағат онлайн режимінде |
| Инновациялар мен стартаптар | Дамушы (Astana Hub) | Күшті сектор, Силикон алқабы | Жоғары деңгей, ҒЗТКЖ қолдауы | Дамыған стартап экожүйесі |
| ШОБ үшін салықтар | Жеңілдетілген салық жүйесі: айналым 3% | 15–21% федералды салық | 17% корпоративтік | 19% корпоративтік салық |
| Бюрократия және кедергілер | Жергілікті кедергілер, есеп беру | Қарапайым реттеуші орта | Минималды кедергілер | Ашық процедуралар |
| Ескертпе: [20, 21] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған. | | | | |

Қазақстан ШОБ белсенді даму сатысында тұр, бірақ негізгі аспектілер – инновациялар, инвестицияларға қолжетімділік және реттеу икемділігі бойынша әлі де артта қалып отыр. ШОБ-тың ЖІӨ-ге қосқан үлесі, ШОБ-тағы жұмыспен қамтылғандар үлесі талданып отырған елдермен салыстырған төмен нәтижелі екендігі анықталып отыр

АҚШ пен Ұлыбритания – кәсіпкерлерге қолдау көрсетудің жоғары стандарттары бар жетілген экожүйелер қалыптасқан.

Сингапур ықшам, тиімділігі жоғары, экспортқа бағдарланған, технологияға негізделген модельдің үлгісі болып табылады.

Қазақстанда шағын орта бизнесті қолдаудағы негізгі бағдарламаның бірі «Бизнесті дамыту–2025» бағдарламасы (БЖК–2025) Қазақстандағы шағын және орта бизнесті (ШОБ) мемлекеттік қолдаудың негізгі құралы болып табылады. Ол 2020 ж. іске қосылған сәттен бастап кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға, жұмыс орындарын құруға және өңірлерді дамытуға бағытталған қаржылық және қаржылық емес шаралардың кең ауқымын қамтиды.

Кесте 6 – «Бизнестің жол картасы–2025» Бағдарламаны іске асырудың негізгі нәтижелері

| Нәтижелер | 2022 ж | 2023 ж | 2024 ж |
|---|---|---|---|
| Қолдау көрсетілетін жобалар | 13 500 | 22 700 | 27 000 |
| Несиелер көлемі, (трлн тенге) | 0,8 | 1,1 | 1,2 |
| Субсидиялар, (млрд теңге) | 43,9 | 226,2 | 332 |
| Кепілдіктер, (млрд теңге) | 50 | 105,8 | 132 |
| Жаңа жұмыс орындарын құру (мың адам) | 6,1 | 6,3 | 6,5 |
| Қатысушылардан түскен салық түсімдері (млрд теңге) | 470 | 490 | 520 |
| Ескертпе: [21] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған. | | | |

2024 ж. «ДКБ-2025» бағдарламасы аясында құны 1,2 трлн теңгені құрайтын 27 мыңға жуық жобаға қол қойылды, оның ішінде төленген субсидиялар көлемі 332 1 млрд теңгені құрады. Анықтама үшін: 2022 ж. 801,9 млрд теңгеге 13,5 мың жобаға қол қойылып, 43,9 млрд теңге субсидия төленді.

Қазақстанда «Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасының аясында қайтарымсыз грант – облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасымен ұсынылады. Қатысушылары: тіркелген жұмыссыздар және тіркелген күнінен бастап 3 жылдан аспайтын жеке кәсіпкерлер [21].

Ағымдағы жылы гранттар алу бойынша өтініштерді қабылдау 2 ағын негізінде өткізілді. Қатысушылардың барлығының жиынтығы 30 мыңнан астам өтініштер қабылдады, мүгедектігі бар балаларға күтім жасайтын азаматтар – 3,5 мың, олардың құрамында көпбалалы отбасылар – 19,4 мың, мүгедектігі бар азаматтар – 4,7 мың, ал әлеуметтік көмек алушылар – 758 өтініштері қабылданған. Сонымен қоса, асыраушыларынан айырылған азаматтар ішінен 1,1 мың адам, 169 қандас және 289 қоныс аударушылар өздері өтініш берген. Өтініштердің ең көп саны Түркістан облысы болып отыр. Ондағы өтініштер – 5,4 мың, Қызылорда облысы – 3,3 мың, Жамбыл облысы – 3 мың және де Шымкент қаласы – 2,4 мың, ең төменгі көрсеткіш Ұлытау облысынан – 221, Қостанай облысы – 490 үміткерлер өтініші қабылданды. Ағымдағы жылдың басынан бастап азаматтардың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтар өздерінің жаңа бизнес-идеяларын іске асыру үшін 8 941, соның ішінде, ауыл тұрғынына 5769 грант берілді. 2024 ж. жоспар бойынша 9000 грант берілуі керек еді. 2024 ж. өтеусіз гранттар: өсімдік шаруашылығына – 101, еңбек құралдарын сатып алуға – 2 425, мал шаруашылығына – 2 331, үй-жайды жалға алуға – 143, технологиялық жабдықтарды сатып алуға – 3 941, берілген. Алушылардың санаты бойынша бөліну: мүгедек адамдарға – 1 446, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата аналарға – 1 045 грант, көп балалы отбасы мүшелеріне – 5 646, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға – 253, асыраушысынан айырылу бойынша төлем алушыларға – 365, қоныс аударушыларға – 151 және қандастарға – 35 берілді [22].

Сонымен қатар, жоғарыда аталған адамдар келесі әлеуметтік санаттардың біріне жатуы керек: көп балалы аналар, мүгедектігі бар адамдар, мүгедек баланы тәрбиелеушілерге жәрдемақы тағайындалған азаматтар (зайыбы, жұбайы), қоныс аударушылар және де отбасындағы еңбекке қабілеттігі бар мүшелері, кандас мәртебелігі бар азаматтар, асыраушыларынан айрылған жағдай бойынша мемлекеттік жәрдемақы алушылар; аз қамтылған азаматтар – атаулы әлеуметтік көмек алушылар және олардың отбасы мүшелері.

Бұл бағдарлама бойынша, гранттарды еңбек қамту орталықтары қатысушылардың өтінімдерін қарастыру бойынша аудандық, қалалық комиссияның шешімімен береді. Қатысушылар өздері дайындаған бизнес-жобаларын комиссия отырысында таныстырады. Комиссия отырысы бойынша жиналыс өткізілетін мекенжайды, оның күні және уақыты бойынша хабарды Business.enbek.kz порталында өтініш берушінің жеке кабинетіне хабарлама жібереді. Осы ретте комиссияға мүше әрбір комиссия бизнес-жоспарды талаптарға сай орындалғанын бағалайды және де бағалау қағазына келесі критерийлерді есекере отырып толтырады: бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі, бизнес-жобаның қаржылық өміршеңдігі, өткізу нарықтарының зерттелуі, кәсіпкерлік бойынша дағды деңгейі, жаңа жұмыс орындар құру бойынша.

Сонымен қатар, ұсынылған мәліметтерге сәйкес, соңғы 5 жылда салалық субсидиялау ережелеріне 50-ден астам рет түрлі өзгерістер енгізілген. Тұрақты өзгерістер фермерлер мен

инвесторларды бағдардан шығарып қана қоймай, олардың ұзақ мерзімді даму жоспарларын құруына да кедергі жасайды. Тағы бір маңызды мәселе – отандық тауар өндірушілер үшін әкімшілік кедергілердің болуы. Өздеріңіз білетіндей, Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығы бойынша, еліміздегі базарларда, сауда желілерінің сөрелерінде отандық өндірістің азық-түлік тауарларының кемінде 30 пайызы болуы қажет. Сондай-ақ, облыстардың көпшілігі хабарлағандай, іс жүзінде осы қойылған талаптар еліміздің үлкен өндірушілері мен көршілес елдердің еншілес кәсіпорындардың тауарларын көрмеге қою арқылы орындалатыны белгілі болды. Ал шағын кәсіпкерлер тауарды көрсету туралы келісімге келген жағдайда, өнімді өткізуге болатын орындарда көрсетуді атамағанда, қолжетімсіз төлемдерде төлеуге тура келеді. Қалыптасқан жағдайлар Қазақстандық өндірушілерді дамуына кедергі жасай отырып, импортты тауарлардың үстемдігінің артуына алып келді. Сондықтан да қолданылып отырған Ережелердің сақталуына бақылаулар күшейтуді, сонымен қоса өңірлердегі негізгі ұсыныстарын есепке ала отырып, ішкі сауда субъектілері үшін елімізде өндірілген тауарлармен толтыру шегін 50%-ға арттыру мүмкіндіктерін қарастыру керек. Бұл мәселелерді шешу Үкіметтің, бизнес-қоғамдастықтың, оқу орындарының және басқа да мүдделі тараптардың кешенді көзқарасы мен бірлескен күш-жігерін талап етеді. Қазақстанда шағын және орта бизнестің мүмкіндіктерін қолайлы жағдай жасау үшін әкімшілік рәсімдерді оңайлату, қаржыландырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, консультациялық қолдауды дамыту, инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

**Қорытынды**

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту проблемалары мемлекеттің саясатының маңызды басымдықтары болып табылады. Шағын және орта бизнес елдің экономикалық құрылымында әлеуметтік маңызды рөл атқарады, өйткені ол жұмыс орындарын құруды және сақтауды, мемлекеттік бюджетке салық түсімдерін ұлғайтуды, сондай-ақ тауарларды өндіруді және халыққа қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

Зерттеу негізінде шет елдерде шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау гранттарының ерекшеліктерін зерттей отырып келесілер ұсынылады:

1. Көптеген дамыған елдер, соның ішінде Сингапур АҚШ-тың тәжірибелерін ұтымды негізде қолдануда. Әрине, американдық бүкіл жүйені толыққанды тәжірибеге енгізу мүмкін емес және бұл қажет емес, бірақ кейбір негізгі құралдарын назар аударып зерттеп, Қазақстанның тәжірибесіне енгізу керек. Қазақстанда шағын және орта бизнесті (ШОБ) қолдау үшін мемлекеттік гранттарды басқару бойынша Сингапур мен АҚШ тәжірибесін қолдану ресурстарын бөлу тиімділігін арттыруға, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға және тұрақты бизнес-ортаны құруға көмектесуі мүмкін. Зерттеуде осы елдер тәжірибесінің негізгі аспектілерін және олардың Қазақстанда бейімделуінің ықтимал жолдарын қамтитын құрылымдық талдау жасалды.

Шетелдік инвестицияларды тарту және шетелдік менеджерлердің тәжірибесін пайдаланудың маңызы аз емес. Қазіргі уақытта Қазақстан шағын және орта кәсіпкерлікті белсенді қолдап және дамытып, олардың жалпы ішкі өнімдегі үлесін айтарлықтай арттыру қажет. Әрине, шетелдік мемлекеттер жүргізген тәжірибе және оны тиімді пайдалану әсіресе Қазақстан үшін, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту үшін, оның ұзақ мерзімді стратегиясын дайындау және оны енгізу үлкен мәнге ие. Бұл аталған тәжірибелерді зерттеу мен қолдану облыстарда және аймақтық деңгейде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен реттеудің Қазақстанның мемлекеттік жүйесінің құқықтық, ұйымдық және институционалдық дамуына айтарлықтай ықпал етеді.

2. Қазіргі уақытта мемлекеттік гранттар өңірлік мамандандыруды есепке алмай, белгілі бір қағидалар тізбесі бойынша экономиканың басым секторларында өтеусіз негізде беріледі. Алайда, ішкі жалпы өнімдегі ШОБ үлесін ұлғайту үшін өңір күшті салаларға мамандану және табиғи ресурстар, инфрақұрылым және нарықтың ерекшелігі сияқты қолда бар резервтер мен артықшылықтарды пайдалану қажет. Бұл тәсіл АҚШ-та және бірқатар шет елдерде сәтті қолданылады, мұнда әр штат, аймақ гранттық қолдау үшін экономиканың өлшемдері мен басым салаларын анықтайды. Бұдан басқа, өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік

бағдарламасы шеңберінде олардың мамандануы мен экономикалық дамудың ағымдағы жай-күйін көрсете отырып, моно, шағын қалалардың тізбесі бекітілді. Сондықтан шағын бизнесті дамыту үшін экономиканың басым секторларының тізбесін олардың мамандануы негізінде әрбір өңір үшін жеке-жеке мемлекеттік гранттар беру үшін бекіту қажет.

3. Гранттар беру үшін бизнес-жобаларды сапалы іріктеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында конкурсқа қатысушылардың дербес деректерін иесіздендіру тетігін енгізу. Бұл жеке қарым-қатынасқа немесе мүдделерді лоббизмге қатысты ықтимал біржақты шешімдерден аулақ болады, сондай-ақ кемсітушілік ықтималдығын және әртүрлі критерийлер бойынша азайтады. Сонымен қатар, барлық өңірлер үшін конкурстық іріктеуге қатысу үшін өтінімдерді қабылдаудың бірыңғай ең төменгі мерзімін кемінде бір ай белгілеуді ұсынамыз. Осылайша, дербес деректерді иесіздендіруді енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және гранттар беру үшін бизнес-жобаларды сапалы іріктеуді қамтамасыз ету үшін пайдалы құрал болады. Сондай-ақ, Атамекен ҰКП қызметкерлерінің арасынан жобаны іске асырудың барлық мерзіміне әрбір гранттық жобаға тәлімгерлікті бекіту ұсынылады, осылайша біз ақшалай қаражатты мақсатсыз пайдалануды азайтып, бизнес-жобаларды іске асырмау тәуекелдерін барынша азайта аламыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1 Айбосынова Д.А., Урузбаева Н.А., Нұр-Сұлтан қаласындағы шағын және орта бизнесі: даму динамикасы мен сипаттамасы // «Вестник НАН РК». – 2021. – № 6(394). – С. 14–22. URL: https://doi.org/10.32014/2021.2518-1467.197

2 Государственная программа индустриально-инновационного развития РК 2020–2025 гг. URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900001050/history

3 Джусупова А.М., Хаджиева Г.У. Малое и среднее предпринимательство в условиях кризиса в Казахстане // Вестник университета «Туран». – 2022. – № 3. – С. 223–234.

4 Iskakova M.S. et al. Methods of State Support of Innovative Entrepreneurship: The Example of Rural // Journal of Environmental Management and Tourism. 2021, vol. 12, no. 2, pp. 466–472. ISSN 2068-7729. URL: https://doi.org/10.14505//jemt.12.2(50).14.

5 Абжанова Д.Ш. Практические аспекты совершенствования поддержки малого и среднего бизнеса // Вестник КарГУ. Серия Экономическая. – 2020. – № 3. – С. 83–89.

6 Боркова Е.А., Подкатилина В.А., Завьялова П.Е. Динамика развития малого и среднего бизнеса: проблемы и перспективы // Государственный советник. – 2019. – № 2(26). – С. 83–89

7 Саханова Г.Б. Поддержка предпринимательства в Казахстане // Вестник университета «Туран». – 2020. – № 3. – С. 34–41.

8 Мубаракова Б.Б., Уразалимова Д.С., Мусина А.Ж., Байшукурова Ж., Якудина Р.С., Развитие малого и среднего предпринимательства как фактор повышения уровня занятности РК // Вестник НАН РК. – 2024. – № 1(407). – С. 603–617. URL: https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.695

9 «KASE» Қазақстан қор биржасы» АҚ. Қазақстант Республикасындағы шағын және орта бизнес туралы есеп. URL: www.kase.kz.

10 Endrodi-Kovacs V., Perez Garrido B., Sebrek S.S. Technology adoption of small and medium-sized enterprises and performance in European countries: A cross-country panel cointegration analysis // Entrepreneurial Business and Economics Review. 2024, no. 12(2), pp. 97–112. URL: https://doi.org/10.15678/EBER.2024.120206

11 Чазова И.Ю. Роль органов публичной власти в развитии предпринимательской деятельности // Вестник Удмуртского университета. Серия: Экономика и право. – 2020. – Т. 30. – № 2. – С. 222–229. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/rol-organov-publichnoy-vlasti-v-razvitii-predprinimatelskoy eyatelnosti?ysclid=lwgigojcop773025534

12 SBA ресми сайты: www.sba.gov

13 Han X., Xue P., Zhang N. Impact of Grain Subsidy Reform on the Land Use of Smallholder Farms: Evidence from Huang-Huai-Hai Plain in China // Land. 2021. No. 10(929). P. 1–15. URL: https:// doi.org/10.3390/land10090929

14 Молев Д.А. Современное состояние МСБ в США и основные проблемы его развития // Наука, образование и культура. – 2020. – № 3(47). – С. 19–23. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennoe-sostoyanie-msb-v-ssha-i-osnovnye-problemy-ego-razvitiya (дата обращения: 09.11.2024)

15 АҚШ Ұлттық ғылым қорының (National Science Foundation, NSF) ресми сайты: URL: https://www.nsf.gov/funding/opportunities/sbirsttr-phase-i-nsf-small-business-innovation-research-small-business/nsf24-579/solicitation?utm_source=chatgpt.com

16 Cote C., Hu H.H. Understanding the Uniqueness of Emerging Markets and Their Firms: Institutional Voids–Based Dynamic Capabilities in the Chinese Automotive Sector // AIB Insights. 2025, no. 25(3). URL: https://doi.org/10.46697/001c.129652.

17 Good K. The 2023 Outlook for U.S. Agriculture From USDA's Chief Economist // Agricultural economy. Agricultural Outlook Forum. 2023. P. 10. URL: https://www.usda.gov/sites/default/files/-documents/2023AOF-agricultural-economic-foreign-trade-outlook.pdf

18 Гаджиев Ф.А. Анализ инфраструктурной поддержки малого и среднего бизнеса в Казахстане // Экономика: стратегия и практика. – 2020. – № 2. – С. 56–62.

19 Ringo D.S., Tegambwage A.G., Kazungu I. Innovation capabilities and export performance of SMEs: does managers› risk-taking propensity matter // Journal of Money and Business. 2023. Vol. 3. No. 1. P. 74-88. URL: https://doi.org/10.1108/JMB-10-2022-0053

20 Ұлтттық статистика бюросы ресми сайты. URL: https://stat.gov.kz/

21 «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ. Қазақстандағы шағын және орта бизнестің даму жағдайы туралы есеп. URL: www.damu.kz.

## REFERENCES

1 Ajbosynova D.A., Uruzbaeva N.A. (2021) Nұr-Sұltan қalasyndaғy shaғyn zhəne orta biznesi: damu dinamikasy men sipattamasy // «Vestnik NAN RK». No. 6(394). P. 14–22. URL: https://doi.org/10.32014/2021.2518-1467.197. (In Kazakh).

2 Gosudarstvennaja programma industrial'no-innovacionnogo razvitija RK 2020–2025 gg. URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900001050/history. (In Russian).

3 Dzhusupova A.M., Hadzhieva G.U. (2022) Maloe i srednee predprinimatel'stvo v uslovijah krizisa v Kazahstane // Vestnik universiteta «Turan». No. 3. P. 223–234. (In Russian).

4 Iskakova M.S. et al. (2021) Methods of State Support of Innovative Entrepreneurship: The Example of Rural // Journal of Environmental Management and Tourism, vol. 12, no. 2, pp. 466–472. ISSN 2068-7729. URL: https://doi.org/10.14505//jemt.12.2(50).14. (In English).

5 Abzhanova D.Sh. (2020) Prakticheskie aspekty sovershenstvovanija podderzhki malogo i srednego biznesa // Vestnik KarGU. Serija Jekonomicheskaja. No. 3. P. 83–89. (In Russian).

6 Borkova E.A., Podkatilina V.A., Zav'jalova P.E. (2019) Dinamika razvitija malogo i srednego biznesa: problemy i perspektivy // Gosudarstvennyj sovetnik. No. 2(26). P. 83–89. (In Russian).

7 Sahanova G.B. (2020) Podderzhka predprinimatel'stva v Kazahstane // Vestnik universiteta «Turan». No. 3. P. 34–41. (In Russian).

8 Mubarakova B.B., Urazalimova D.S., Musina A.Zh., Bajshukurova Zh., Jakudina R.S. (2024) Razvitie malogo i srednego predprinimatel'stva kak faktor povyshenija urovnja zanjatnosti RK // Vestnik NAN RK. No. 1(407). P. 603–617. URL: https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.695. (In Russian).

9 «KASE» Қazaқstan қor birzhasy» AҚ. Қazaқstant Respublikasyndaғy shaғyn zhəne orta biznes turaly esep. URL: www.kase.kz. (In Kazakh).

10 Endrodi-Kovacs V., Perez Garrido B., Sebrek S.S. (2024) Technology adoption of small and medium-sized enterprises and performance in European countries: A cross-country panel cointegration analysis // Entrepreneurial Business and Economics Review, no. 12(2), pp. 97–112. URL: https://doi.org/10.15678/EBER.2024.120206. (In English).

11 Chazova I.Ju. (2020) Rol' organov publichnoj vlasti v razvitii predprinimatel'skoj dejatel'nosti // Vestnik Udmurtskogo universiteta. Serija: Jekonomika i pravo. V. 30. No. 2. P. 222–229. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/rol-organov-publichnoy-vlasti-v-razvitii-predprinimatelskoy eyatelnosti?ysclid=lwgigojcop773025534. (In Russian).

12 SBA resmi sajty: www.sba.gov. (In English).

13 Han X., Xue P., Zhang N. (2021) Impact of Grain Subsidy Reform on the Land Use of Smallholder Farms: Evidence from Huang-Huai-Hai Plain in China // Land. No. 10(929). P. 1–15. URL: https:// doi.org/10.3390/land10090929. (In English).

14 Molev D.A. (2020) Sovremennoe sostojanie MSB v SShA i osnovnye problemy ego razvitija // Nauka, obrazovanie i kul'tura. No. 3(47). P. 19–23. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennoe-sostoyanie-msb-v-ssha-i-osnovnye-problemy-ego-razvitiya (data obrashhenija: 09.11.2024). (In Russian).

15 AҚSh Ұlttyқ ғylym қorynyң (National Science Foundation, NSF) resmi sajty: URL: https://www.nsf.gov/funding/opportunities/sbirsttr-phase-i-nsf-small-business-innovation-research-small-business/nsf24-579/solicitation?utm_source=chatgpt.com. (In English).

16 Cote C., Hu H.H. (2025) Understanding the Uniqueness of Emerging Markets and Their Firms: Institutional Voids–Based Dynamic Capabilities in the Chinese Automotive Sector // AIB Insights, no. 25(3). URL: https://doi.org/10.46697/001c.129652. (In English).

17 Good K. (2023) The 2023 Outlook for U.S. Agriculture From USDA's Chief Economist // Agricultural economy. Agricultural Outlook Forum. P. 10. URL: https://www.usda.gov/sites/default/files/-documents/2023AOF-agricultural-economic-foreign-trade-outlook.pdf. (In English).

18 Gadzhiev F.A. (2020) Analiz infrastrukturnoj podderzhki malogo i srednego biznesa v Kazahstane // Jekonomika: strategija i praktika. No. 2. P. 56–62. (In Russian).

19 Ringo D.S., Tegambwage A.G., Kazungu I. (2023) Innovation capabilities and export performance of SMEs: does managers› risk-taking propensity matter // Journal of Money and Business. Vol. 3. No. 1. P. 74-88. URL: https://doi.org/10.1108/JMB-10-2022-0053. (In English).

20 Ұltttyқ statistika bjurosy resmi sajty. URL: https://stat.gov.kz/. (In Kazakh).

21 «Damu» kәsipkerlikti damytu қory» AҚ. Қazaқstandaғy shaғyn zhәne orta biznestiң damu zhaғdajy turaly esep. URL: www.damu.kz. (In Kazakh).

**АКПАНОВ А.К.,*[1]**
к.э.н., ассоциированный профессор.
*e-mail: a.akpanov@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0003-3559-098X
**АБУОВА Ж.М.,[2]**
м.э.н., преподаватель.
e-mail: zhan.abuova@gmail.com
ORCID ID: 0009-0007-8893-1203.
**АЙГАЛИН А.А.,[1]**
к.э.н., ассоциированный профессор.
e-mail: a.aigalin@turan-edu.kz
ORCID ID: 0009-0004-1668-5865
**АБДИЛЬДИН С.С.,[1]**
д.э.н., профессор.
e-mail: s.abdildin@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0001-6900-485X
[1]Университет «Туран»,
г. Алматы, Казакстан
[2]Региональный инновационный университет,
г. Шымкент, Казахстан

# СПЕЦИФИКА ПРИМЕНЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО ОПЫТА В УПРАВЛЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННЫМИ ГРАНТАМИ НА ПОДДЕРЖКУ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ

**Аннотация**

В статье рассмотрены особенности применения зарубежного опыта управления государственными грантами на поддержку малого и среднего бизнеса в Казахстане. Изучение зарубежного опыта управления государственными грантами поддержки малого и среднего предпринимательства сравнительным методом, установление связей между причинами и сравнение результатов анализа с ситуацией в стране позволили выявить системные проблемы. Для достижения этих целей были использованы данные из различных источников, а также результаты анализа существующих программ и мер государственной поддержки малого и среднего бизнеса. Практическая значимость работы заключается в том, что авторы акцентируют внимание на грантовой помощи, оказываемой зарубежными странами субъектам предпринимательства с целью достижения максимального результата в предоставлении государственных грантов на поддержку малого и среднего предпринимательства. Кроме того, в ходе исследования были оценены результаты информации, опубликованной на официальном сайте АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» о государственной поддержке предпринимательства в Казахстане, а также результаты информации о программах поддержки малого и среднего бизнеса. Данная научная статья окажет влияние на академическую сферу путем распространения знаний о государственной грантовой поддержке малого и среднего бизнеса в стране. Это помогает академическому сообществу, исследователям и студентам получить комплексное представление об основных проблемах и аспектах поддержки предпринимательства в стране. Практическая значимость результатов работы. Повышение эффективности бизнес-грантов: рекомендации и выводы по рассмотренным в статье вопросам помогут предпринимателям Казахстана решать препятствия в своем бизнесе и более эффективно использовать имеющиеся ресурсы. В исследовании рассмотрены особенности использования зарубежного опыта совершенство-

вания грантов в системе государственной поддержки малого и среднего предпринимательства, даны ценные рекомендации для государственной политики в сфере поддержки бизнеса.

**Ключевые слова:** малое и среднее предпринимательство, государственная поддержка, государственное грантовое финансирование, зарубежный опыт, субъект, бизнес-климат, бизнес-идея.

**AKPANOV A.K.,*[1]**
c.e.s., associate professor.
*e-mail: a.akpanov@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0003-3559-098X
**ABUOVA ZH.M.,[2]**
m.e.s., teacher.
e-mail: zhan.abuova@gmail.com
ORCID ID: 0009-0007-8893-1203.
**AIGALIN A.A.,[1]**
c.e.s., associate professor.
e-mail: a.aigalin@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0003-3559-098X
**ABDILDIN S.S.,[1]**
d.e.s.,professor.
e-mail: s.abdildin@turan-edu.kz
ORCID ID: 0000-0001-6900-485X
[1]Turan University,
Almaty, Kazakhstan
[2]Regional-Innovation University,
Shymkent, Kazakhstan

## SPECIFICS OF APPLICATION OF FOREIGN EXPERIENCE IN THE MANAGEMENT OF STATE GRANTS TO SUPPORT SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN KAZAKHSTAN

**Abstract**

The article examines the specifics of the application of foreign experience in the management of state grants for the support of small and medium-sized businesses in Kazakhstan. The comparative study of foreign experience in the management of state grants for the support of small and medium-sized businesses made it possible to establish causal relationships, and the results of the analysis, comparing them with the situation in our country, allowed to identify systemic problems. To achieve these objectives, data from various sources were used, as well as the results of the analysis of existing programs and measures of state support for SMEs. The practical significance of the work is that the authors draw attention to the grant assistance provided by foreign countries to business entities in order to achieve maximum results in providing state grants for the support of small and medium-sized businesses. In addition, during the study, the results of the information published on the official website of the "Damu" Entrepreneurship Development Fund" JSC on state support of entrepreneurship in Kazakhstan, as well as information on small and medium-sized business support programs, were evaluated. This scientific article has an impact on the academic sphere and makes a unique contribution for small and medium-sized businesses in our country. This helps the academic community, researchers and students to gain a comprehensive understanding of the major issues and aspects of entrepreneurship support in the country. The practical significance of the results of the work. Improving the effectiveness of business grants: recommendations and conclusions on the issues considered in the article - will help entrepreneurs in Kazakhstan to solve obstacles in their business and more effectively use available resources. The study considers the peculiarities of using foreign experience of improving grants in the system of state support for small and medium-sized enterprises, gives valuable recommendations for public policy in the field of business support.

**Keywords:** small and medium enterprises, government support, government grant funding, foreign experience, entity, business climate, business idea.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 14.01.2025